

Кіріспе: Балалар аурушандығы мен сәбилер өлім-жітімі құрылымында туа біткен даму ақаулары аса көп маңызға ие болып отыр. Перинатальдық диагностика шарананың жүрек патологиясының 90% жуығын анықтауға және ерте жастағы балалардың күрделі туа біткен жүрек ақауларын түзету нәтижелерін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу мақсаттары: соңғы 10 жылда Қазақстанда және «Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы» АҚ-да үш жыл ішінде ерте жастағы балаларда туа біткен жүрек және қан айналымы жүйесі ақауларының таралуы мен тәуекел факторларын, сипаты мен жиілігін зерттеу.

Материал және әдістер: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі ресми статистикасының 2003-2012 жылдар аралығындағы бір жасар балалар мен 5 жасқа дейінгі балалардың туа біткен ауытқушылықтармен (дамуындағы ақаулар), түр өзгеруімен, хромосомдық бұзылыстармен, соның ішінде жүрек және қан тамырлары айналымының туа біткен ауытқуларымен [6] аурушандығының деректері талданды. «Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы» АҚ ауруханасында 2010-2012 ж.ж. аралығында Vivid 7 Dimension сарапшылық класы аппаратындағы кешенді доплерэхокардиография әдісімен 7084 нәресте мен бір жасар балалар тексерілді.

Нәтижелер және талқылау: Қазақстанда 2003-2012 ж.ж. аралығында туа біткен жүрек ақауларының (ТЖА) жиілігі 1000 бір жасар балаға шаққанда 4,4-тен 8,9-ға дейін өскен. 7084 нәресте мен бір жасар баланы тексеру кезінде 454-інен ТЖА, соның ішінде, жүдеу тұрпаттағысы 369 (81,3%) анықталды. Жүдеу тұрпаттағы ТЖА арасында қарынша аралық (39,64%) және жүрек алды шымылдық аралық ақаулар (15%), сонсоң ашық артериалдық түтік (14,3%) басым түсті. Күрделі ТЖА арасында – тетрада Фалло (6,2%), өкпе веналарының ауытқымалы қашыртқысы (2,9%) және кең арналы тамырлардың транспозициялары (2,2%). ТЖА-на шалдыққан балалар көбіне жүре біткен жүрек ақауы бар аналарға (12,5%) қарағанда ТЖА бар жүкті әйелдерде (17,7%) жиі кездеседі.

Қорытынды: 10 жылдық кезең ішінде Қазақстан бойынша бір жасар және 5 жасқа дейінгі балалар арасындағы статистикалық деректер мониторингі және біздің бақылауымыз туа біткен жүрек (дамуындағы ақаулар) мен қан айналымы жүйесі ақауларының айтарлықтай артқанын дәлелдейді. Аталған мән-жайлар ерте жастағы балаларда туа біткен жүрек ақауларының алдын алу жөніндегі ерте пренатальдық диагностика, уақтылы профилактикалық шараларды жүргізу қажеттігін талап етеді.

Негізгі сөздер: жүректің және қан айналымы жүйесінің туа біткен ақаулары, таралуы, тәуекел факторлары, ерте жастағы балалар.

SUMMARY

G.K. SERMANIZOVA^{1,2}

¹JSC "Astana Medical University", ²JSC "National Research Center for Maternal and Childhood", Astana c.

THE PREVALENCE OF CONGENITAL HEART DEFECTS IN YOUNG CHILDREN

Introduction: In the structure of infant morbidity and infant mortality the congenital malformations are becoming more and more important. The prenatal diagnostics allow to reveal about 90 % of the heart diseases in the fetus and to optimize the results of the correction of the complex congenital heart defects in young children.

Objective of the research: to study the prevalence and the risk factors, the nature and the frequency of the congenital heart and circulatory system defects in young children in Kazakhstan over the past 10 years and in newborn infants in "National Research Center for Maternal and Childhood" for last 3 years.

Materials and methods: there were analyzed the data from the official statistics of the Health Ministry of the Republic of Kazakhstan for 2003-2012 years upon the morbidity of infants and children under 5 years of life with the congenital anomalies (malformations), the deformities, the chromosomal abnormalities, including the congenital anomalies (malformations) of the heart and the circulatory system [6]. In the clinic JSC "National Scientific Center of Maternity and Childhood" in 2010-2012 years there were examined 7084 newborns and infants by the comprehensive Doppler echocardiography on the expert class machine Vivid 7 Dimension.

Results and discussion: In Kazakhstan for 2003-2012 years frequency of the congenital heart defects (CHD) has increased from 4.4 to 8.9 per 1000 children in the first year of life. Among the 7084 examining newborns and infants there were diagnosed CHD in 454 children, including pale type in 369 (81.3 %). Among the pale type of CHD the interventricular septa defects (39.64 %) and interatrial septa defects (15%) prevail, then the patent ductus arteriosus (14.3%). Among the complex CHD there were the tetralogy of Fallot (6.2%), anomalous pulmonary venous (2.9%) and the transposition of the mainline vessels (2.2%). The children with the CHD are more common in pregnant women with the CHD (17.7%), than in mothers with acquired heart valvular diseases (12.5%).

Conclusion: the monitoring of the statistic data of children in the first year and under 5 years of life in Kazakhstan for the 10 years period and our observations show the significant increase of the congenital anomalies (malformations) of the heart and circulatory system. These circumstances dictate the need for the early prenatal diagnostics, the timely preventive activities for the prevention of the congenital heart defects in young children.

Key words: congenital heart and circulatory system defects, prevalence, risk factors, young children.

УДК 616.248-085

Ж.А. БЕЙСЕНБЕКОВА, З.К. ГУСЕИНОВА, Р.Ж. ТОЙЫНБЕКОВА,
З.Б. ТАУЕШЕВА, Б.С. ОРАЗБАЕВА

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, Қарағанды қ.

БРОНХЫЛЫҚ ДЕМІКПЕ АЯСЫНДАҒЫ АРТЕРИАЛЫҚ ГИПЕРТЕНЗИЯМЕН НАУҚАСТАРДА АНТИГИПЕРТЕНЗИВТІ ТЕРАПИЯ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Қазіргі кезде күрделі коморбидті патологиялармен науқастарды емдеу, оның ішінде бронхылық деміпе аясында артериалық гипертензиясы бар науқастарда негізгі ауруды емдеумен қоса, антигипертензивті емдеу жүргізу тиімділігін бағалау үшін амлодипин препаратымен емдеу жүргізілді. Науқастар екі негізгі топқа бөлінді: 1-ші топтағы науқастарда – БД мен біріншілік АГ, ал екінші топтағы науқастарда – БД гормонға тәуелділіктен дамыған симпатикалық АГ науқастар құрады.

Негізгі сөздер: бронхылық демікпе, артериалық гипертензия, антигипертензивті терапия, коморбидті науқас.

Ішкі аурулар клиникасында кейінгі жылдары коморбидтілік түрінде кездесетін аурулар, оның ішінде бронхылық демікпе (БД) аясында артериалық гипертензияның (АГ) кездесуі ересек тұрғындар арасында кеңінен таралуда. БД мен АГ науқастарда бірігіп кездесуі туралы әртүрлі ғалымдардың екі түрлі көзқарастары анықталған: бір топ зерттеушілердің айтуы бойынша БД-мен науқастарда АГ кездесуі симптоматикалық – пульмоногенді түрде дамиды [1, 2, 3], ал екінші топтағы зерттеушілердің айтуы бойынша БД мен АГ кездесуі екі аурудың бір-біріне байланыссыз жеке-жеке дамуымен туындайды [3, 4].

БД науқастарды емдеуде оларда АГ қоса кездесуі көптеген қиындықтар туғызады және аурудың клиникасын ауырлатып науқастардың ерте мүгедектігіне және аурудың болжамының қиындауына алып келеді [5].

Зерттеудің мақсаты – бронхылық демікпе аясында артериалық гипертензиясы бар стационарға келіп түскен науқастарда антигипертензивті терапияны жүргізілу тиімділігін бағалау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуге БД 38-бөн 63 жас аралығындағы 60 науқас, оның ішінде 29 еркек және 32 әйел алынды. Аталған науқастарда БД-мен ауру мерзімі 8 жылдан 23 жыл аралығында болды. Барлық науқастарда БД персистирлеуші ағымы, оның ішінде 8 науқаста жеңіл ағымы, 41 науқаста орташа ауырлық дәрежесі, 11 науқаста ауыр ағымы анықталды. 17 науқаста – атопиялық генезді демікпе, 19 науқаста – инфекциялық-аллергиялық, 24 науқаста – БД аралас түрі диагностикаланған. Зерттеуге алынған науқастар екі топқа бөлінді: оның ішінде 1-ші топта – 38 науқаста БД мен бірінші ретті АГ, ал 2-ші топтағы – 22 науқаста гормонға тәуелді БД аясында дамыған АГ анықталды. Зерттеуге БД аясында дамыған өкпе текті жүрек анықталған науқастар алынған жоқ.

Науқастардың барлығына жалпы талаптарға сай зерттеу әдістері, яғни клиникалық зерттеулер (шағымдар, анамнездік деректер, физикалық тексерулер), лабораторлы-аспапты зерттеулер (жалпы қан анализі, жалпы несеп анализі, қанның биохимиялық анализі, коагулограмма, кеуде ағзаларының рентгенографиясы, компьютерлік спирография, пиклометрия, ЭКГ, артериалық қысымды тәуліктік мониторинг) жүргізілді. Көптеген зерттеулерде бронхообструктивті синдроммен науқастардағы АГ емдеуде кальций антагонистерімен емдеу, оның ішінде нифедипинмен емдеу тиімділігі анықталған. Себебі, бұл топтағы препараттар кіші және үлкен шеңбердегі артерияларды кеңейтетіне байланысты өкпенің вентиляциясын жақсартады, сонымен қатар, бронходилатациялық әсер беретіні дәлелденген (себебі, бронхоспазм кальциге тәуелді үрдіс болып табылатындықтан). Барлық науқастарға БД стандартты емімен қоса антигипертензивті мақсатта амлодипин препаратын 10 мг тәулігіне 1 рет тағайындалды. Емдеу курсы 14 күнді құрады. Жүргізілген антигипертензивті терапияның тиімділігін бағалауда науқастардағы АҚ қалыпты деңгейге дейін төмендеуі, науқастардың субъективті жағдайының жақсаруы, қандағы липидті спектрдің қалпына келуі зерттелді.

Зерттеу көрсеткіштері және оларды талдау

АҚ 24 сағатта тәуліктік мониторинг барысында келесі көрсеткіштер бағаланды: күндізгі орташа (к) және түнгі орташа (т) систолалық артериалық қысым (САҚ) және диастолалық артериалық қысым (ДАҚ), олардың өзгермелілігі (орташа шамадан стандартты ауытқулары), САҚ мен ДАҚ тәуліктік индексі, САҚ мен

ДАҚ гипертониялық жүктемесі (оая жүрген кездегі АҚ 140/90 мм сын. бағ. жоғары болуымен және ұйқыдағы 120/70 мм сын. бағ. деңгейінің қатынасы). АҚ тәуліктік мониторинг барысында жүргізілді. Тәуліктік АГ мониторинг қорытындысы бойынша орташа пульстік АҚ – 55,4 мм сын.бағ. құрады, орташа систолалық АҚ – 158,9 мм.сын.бағ.құрады, орташа диастолалық АҚ – 89,4 мм сын. бағ құрады, түнгі уақытта орташа систолалық АҚ – 159 мм сын. бағ. құрады, орташа диастолалық АҚ – 89,5 мм сын. бағ. құрады. Түнгі уақыттағы АҚ төмендеу дәрежесі бойынша 1-ші топтағы науқастардың 21 (55,3%) және 2-ші топтағы 10 (45,4%) науқастарда АҚ нақты төмендеуі байқалды, ал екі топтағы қалған науқастарда түнгі уақытта систолалық АҚ жоғары деңгейде болуы анықталды. Зерттеу барсында амлодипиннің жоғары антигипертензивті тиімділігін және монотерапияның нәтижелігі 78% науқастарда анықталды. Препараттың жағымсыз әсері ретінде 10% науқастарда бетінің қызаруы, ал 12% науқастарда аяқтарының аздап ісінуі байқалды. Барлық науқастарда 14 күн ішінде систолалық АҚ (САҚ) 17,8% ($p < 0,001$), диастолалық АҚ (ДАҚ) 17,6% ($p < 0,001$) төмендеді. Амлодипинмен жүргізілген антигипертензивті терапия нәтижесінде САҚ мен ДАҚ нақты түрде төмендеуі байқалады (1 кесте).

Кесте 1 – Антигипертензивті терапия нәтижесінде САҚ мен ДАҚ көрсеткіштері

Көрсеткіштері	Емдеуге дейін	Емдеуден кейін
Тәуліктік САҚ	178,0±13,1	147,0±12,3
Тәуліктік ДАҚ	95,5±7,4	82,7±7,2
Тәуліктік ЖЖЖ	88,6±7,5	85,0±6,4
Күндізгі САҚ	151,5±13,8	133,0±12,6
Күндізгі ДАҚ	92,5±7,9	89,5±5,4
Күндізгі ЖЖЖ	85,7±8,2	78,4±6,7
Түнгі САҚ	172,1±15,4	129,±11,1
Түнгі ДАҚ	90,5±6,2	81,4±6,1
Түнгі ЖЖЖ	76,2±7,0	72,7±8,4

САҚ күндізгі уақытта 10,1% ($p < 0,01$), түнгі уақытта – 12,4% ($p < 0,01$), ДАҚ – 12,4% ($p < 0,01$) және 12,7% ($p < 0,001$) төмендеді. Емдеу нәтижесінде екі топтағы науқастарда АҚ деңгейінің айқын түрде төмендеуі байқалады, препараттың жағымсыз әсеріне қарамастан. Оның ішінде I және II топтағы науқастарда арасында жүргізілген емнің нәтижелегі әртүрлі деңгейде болды. Яғни, I топтағы науқастарда АҚ төмендеуімен қатар, бронхообструкция синдромының регрессиясы жақсы нәтижеге жетті. Зерттеу барысындағы екі топтағы науқастардағы гемодинамикалық көрсеткіштердің нәтижесі 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Емдеу барысындағы гемодинамикалық көрсеткіштердің өзгерістері

Көрсеткіштері	Емдеуге дейін		Емдеуден кейін	
	I топ	II топ	I топ	II топ
САҚ сын. бағ. бойынша	180,5±12,1	176,0±10,4	148,0±11,5	139,4±10,8
ДАҚ сын. бағ. бойынша	96,7±6,2	90,2±5,9	82,6±5,0	86,7±4,9

Қорытынды

Сонымен, коморбидті патологиямен науқастарда, яғни БД науқастарда АГ емдеуде кальций антагонистерін, оның ішінде амлодипинді қолдану антигипертензивті эффект қана беріп қоймайды, сонымен қатар «пульмоногенді АГ» де тиімді әсерін тигізеді. Сондықтан, коморбидті күрделі патологиялардың бірігіп кездесетін науқастарда, яғни кіші қанайналым шеңберіндегі іркілістердің кездесуінде кальций антагонистерін, олардың аздаған жағымсыз әсерлеріне қарамастан қолданған тиімді болып табылады.

КОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 Задионченко В.С., Волкова Н.В., Копалова С.М. Системная и легочная артериальная гипертензия при хронических неспецифических заболеваниях легких // Русский медицинский журнал. – 1996. – Т. 4, №12. – С. 12–17

2 Мухарлямов Н.М., Саттбеков Ж.С., Сучков В.В. Системная артериальная гипертензия у больных хроническими неспецифическими заболеваниями легких // Кардиология. – 1974. – Т. 34, №12. – С. 55–61

3 Палеев Н.Р., Распопина Н.А., Федорова С.И. и соавт. Существует ли «пульмогенная гипертензия»? // Кардиология. – 2002. – №6. – С. 51–53

4 Жданов В.Ф. Системная артериальная гипертензия у больных бронхиальной астмой: автореф. ... дисс. д-ра мед. наук. – СПб., 1993

5 Волков В.Г. Бронхиальная астма и артериальная гипертензия // Терапевтический архив. – 1985. – №3(57). – С. 53-54

РЕЗЮМЕ

**Ж.А. БЕЙСЕНБЕКОВА, З.К. ГУСЕИНОВА,
Р.Ж. ТОЙЫНБЕКОВА, З.Б. ТАУЕШЕВА,
Б.С. ОРАЗБАЕВА**

Карагандинский государственный медицинский университет, г. Караганда, Казахстан

ОЦЕНКА ЭФФЕКТИВНОСТИ АНТИГИПЕРТЕНЗИВНОЙ ТЕРАПИИ У БОЛЬНЫХ С АРТЕРИАЛЬНОЙ ГИПЕРТЕНЗИЕЙ НА ФОНЕ БРОНХИАЛЬНОЙ АСТМЫ

БА стала чаще сочетаться с заболеваниями сердечно-сосудистой системы, в том числе с АГ, что затрудняет лечение этой категории больных. Цель исследования – изучение эффективности антигипертензивной терапии у больных АГ на фоне БА.

Материал и методы. Обследовано 60 больных с АГ в возрасте от 38 до 63 лет. Всем больным проводились общепринятые клинические обследования и в том числе суточное мониторирование АД.

Результаты и обсуждение. В обеих группах на фоне антигипертензивной терапии в течение 14 дней отмечается снижение систолического АД (САД) на 17,8% ($p < 0,001$) и

диастолического АД (ДАД) на 17,6% ($p < 0,001$).

Выводы. У коморбидных больных с БА и АГ лечение АГ эффективно препаратами из группы антагонистов кальция, которое снижает не только центральное АД, но и в том числе «пульмогенное АД», несмотря на их некоторые побочные действия.

Ключевые слова: бронхиальная астма, артериальная гипертензия, антигипертензивная терапия, коморбидные больные.

SUMMARY

**Zh.A. BEYSENBEKOVA, Z.K. GUSEINOVA,
R.Zh. TOYNBEKOVA, Z.B. TAUESHEVA,
B.S. ORAZBAYEVA**

*Karaganda State Medical University,
Karaganda c., Kazakhstan*

ESTIMATE OF EFFICIENCY OF ANTIHYPERTENSIVE THERAPY OF PATIENTS WITH ARTERIAL HYPERTENSION UNDER BRONCHIAL ASTHMA

BA has become increasingly combined with cardiovascular diseases, including hypertension, which complicates the treatment of these patients. Aim of this study was to investigate the efficacy of antihypertensive therapy of hypertensive patients under bronchial asthma.

Materials and Methods. 60 patients with hypertension aged 38 to 63 years were examined. All patients were undergone conventional clinical examination, including ambulatory blood pressure monitoring.

Results and discussion. There were a decrease in systolic blood pressure (SBP) 17.8% ($p < 0,001$) and diastolic blood pressure (DBP) 17.6% ($p < 0,001$) in both groups under antihypertensive therapy within 14 days.

Conclusions. Treatment of hypertension is effective when treating the comorbid patients with bronchial asthma and hypertension with drugs from the group of calcium antagonists, which reduces not only the central BP, but also including "pulmonogenoe hypertension" in spite of their side effects.

Key words: bronchial asthma, hypertension, antihypertensive therapy, comorbid patients.

УДК 616.12-008-331.1-08:615.225.2

З.Ж. ЕНСЕГЕНОВА, Г.К. ЖАКЫШЕВА

*Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова,
Городская поликлиника №24, г. Алматы, Казахстан*

ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ЛИЗИНОПРИЛА ПРИ АРТЕРИАЛЬНОЙ ГИПЕРТЕНЗИИ

Проведена оценка клинической эффективности препарата лизиноприл по сравнению с метопрололом с учетом их влияния на гемодинамические параметры у 60 пациентов с артериальной гипертензией. Отмечены более существенное снижение показателей систолического и диастолического уровней АД, больший процент нормализации АД, лучшая переносимость, отсутствие отрицательного влияния на липидный и пуриновый обмены при приеме лизиноприла по сравнению с группой, получавшей метопролол.

Ключевые слова: ингибиторы АПФ, лизиноприл, артериальная гипертензия.

Высокая частота артериальной гипертензии, тяжесть ее осложнений, значительный процент инвалидности и летальности делают это заболевание медицински и социально значимой проблемой [1]. Распространенность сердечно-сосудистых заболеваний у пациентов с артериальной гипертензией с другими сопутствующими факторами риска чрезвычайно высока [2]. В связи с этим разработана методика

адекватного лечения АГ является, несомненно, важной и актуальной задачей.

Эффективность лечения артериальной гипертензии во многом зависит от правильного выбора препарата. По рекомендациям крупнейших международных организаций, в частности ВОЗ и Международного общества по изучению артериальной гипертензии, ингибиторы АПФ наряду с другими средствами признаны препаратами